



«Бекітемін»  
Колледж басшысы

Г. Аманжолова

## «Павлодар химия-механикалық колледжі» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

### 1. Жалпы ережелер

1. Павлодар облысы әкімдігі білім беру басқармасының «Павлодар химия-механикалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт) 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қоғамдық қатынастардың жекелеген салаларында бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының әзірлеушісі – Павлодар облысы әкімдігі білім беру басқармасының «Павлодар химия-механикалық колледжі» КМҚК (бұдан әрі-колледж).

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт білім беру саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері болып табылады:

- 1) колледжде жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартының қағидаттары болып табылады:

- 1) заңдылық;
- 2) ашықтық;
- 3) этикаға сәйкестік;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау;
- 5) мүдделер қақтығысын болдырмау.

## **2. Қоғамдық қатынастар саласында жұмыс істейтін адамдардың мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары**

2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- адал, әділ, қарапайым болу, жеке тұлғалармен, заңды тұлғалардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынаста жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық пен әдептілік таныту;
- қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз ету;

## **3. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде:**

- қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға баяндау;
- лауазымдық міндеттерді орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау;
- әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал етуі мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден тартыну;
- басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және көтермелемеу;
- әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу;
- лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдамау;
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау.

## **4. Жүктелген лауазымдық функцияларды орындау кезінде колледждің лауазымды тұлғаларына ұсынылады:**

- азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштері бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен шағымдарын қарау кезінде әуре-сарсаңға салу фактілеріне жол бермеу;

## **5. Колледж қызметкерлерін/жұмыскерлерін іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде колледж басшысына және лауазымды тұлғаларына ұсынылады:**

- колледжге жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасу үшін қатысы жоқ құжаттарды талап етпеу;

**6. Тіршілік ету саласының ерекшелігіне байланысты өзге қоғамдық маңызы бар қатынастар кезінде:**

- олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту;
- қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу;
- әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақтылы қабылдау.

**7. Колледждің лауазымды тұлғаларына тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде:**

- Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.
- Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру.
- Әлеуетті жеткізушілер арасында адал бәсекелестік.
- Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы.
- Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.
- Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

**8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру**

8. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру – бұл колледждің барлық қызметкерлері мен студенттерінің кез келген теріс пиғылды практикаға қарсы тұру қажеттігіне сенімін нығайту жөніндегі қызмет. Колледж қызметі жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, оларға мыналар жатады:

8.1 Колледж қызметінің барлық салаларында тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен тетіктерді енгізу;

8.2 Колледж қызметкерлері мен студенттері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың қаупі оның салдарын қоғамдық түсінуді қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;

8.3 Студенттерді, оқытушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік әріптестік негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процесіне тарту;

8.4 «Колледж сыбайлас жемқорлықтан тыс», «Оқытушы студенттер көзімен», «Оқытушы әріптестер көзімен», «Студенттердің қанағаттануын бағалау», «Таза сессия» жаппай әлеуметтік сауалнамалар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг жүргізу;

8.5 Колледждің интернет-ресурсында сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа халықтың кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету;

8.6 Кейіннен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды тұжырымдай отырып, басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.